

Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын әзірлеудің, бекітудің және қолданылу мерзімдерінің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1290 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 290 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.06 № 290 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы және "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.18. N 170 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын әзірлеудің, бекітудің және қолдану мерзімдерінің тәртібі б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
2 қыркүйектегі
N 1290 қаулысымен
бекітілген

**Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын
әзірлеудің, бекітудің және қолданылу мерзімдерінің
тәртібі**

1. Осы Тәртіп "Білім туралы", Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.18. N 170 қаулысымен.

2. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары үшін міндетті.

3. Қазақстан Республикасының білім бару саласындағы орталық атқарушы органдары конкурстық негізде білім берудің, оның ішінде кемтар балаларға

арнаулы мектепке дейінгі және жалпы арнаулы білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.18. N 170 қаулысымен.

4. Конкурсты өткізудің тәртібін, конкурстық комиссия туралы ережені және оның құрамын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары айқындайды.

Конкурстық комиссиясының құрамына білім беру саласындағы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, сондай-ақ комиссияның бүкіл құрамының кемінде жартысын құрайтын ғалымдар мен білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері енгізіледі.

5. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органмен келісім бойынша, конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын және олардың қолданылу мерзімдерін бекітеді. Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарының қолданылу мерзімдерін бекіту кезінде міндетті түрде білім берудің тиісті деңгейлерінің білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері ескеріледі.

6. Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Тәртіппен белгіленген талаптар сақталына отырып жүзеге асырылады.